

21. **Marinetti Ch. Cultural Approaches. Handbook of translation studies.** Ed. by Yves Gambier, Luc van Doorslaer. Amsterdam / Philadelphia, John Benjamins Publishing Co., 2011, pp. 26–30.
22. **Malmkjoer K. Linguistics and translation. Handbook of translation studies.** Ed. by Yves Gambier, Luc van Doorslaer. Amsterdam / Philadelphia, John Benjamins Publishing Co., 2011, pp. 61–68.
23. **Newmark P. A Textbook of Translation.** Shanghai, Shanghai Foreign Language Education Press, 2001.
24. **Ogneva E.A. Kognitivnoe modelirovanie konceptosfery'** [Cognitive modeling of conceptual domain]. Moscow, Editus, 2013, 282 p. (In Russian)
25. **Ogneva E.A., Danilenko I.A., Kireeva Y.I., Kutsenko A.A. Interpretative Model of Linguacultural Knowledge.** *The Social Sciences*, 2015, vol. 10, pp. 1101–1106.
26. **Parks T. Translating style: A Literary Approach to translation, a Translation approach to literature.** New York, Routledge, 2014, available at: <https://books.google.ru/books?hl=ru&lr=&id=PJO3AwAAQBAJ&oi=fnd&pg=PP1&dq=%22literary+translation> (accessed 17 March 2026)

Information about the author:

Ogneva Yelena Anatolyevna – Doctor of Philological Sciences, Professor, Head of Department of foreign languages, Belgorod State National Research University, Russian Federation, 308015, Belgorod, 85 Pobedy Str., e-mail: ogneva@bsuedu.ru.

Огнева Елена Анатольевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті, Ресей Федерациясы, 308015 Белгород қ., Победы көш, 85, e-mail: ogneva@bsuedu.ru.

Огнева Елена Анатольевна – доктор филологических наук, профессор, заведующая кафедрой иностранных языков, Белгородский государственный национальный исследовательский университет, Российская Федерация, 308015 г. Белгород, ул. Победы, 85, e-mail: ogneva@bsuedu.ru.

XFTAP 14.35.09

ӨОЖ 37.013.42

<https://doi.org/10.52269/SRDG2611234>

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ЖАНТАНУ ІЛІМІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Оспанұлы С. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қостанай облыстық Ы. Алтынсарин атындағы мұражайдың ғылыми қызметкері, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Мырзагалиева К.М. – филология ғылымдарының кандидаты, тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының ассистент профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Қасиетті Құранда адам алғаш қалай жаратылса, екінші рет те солай жаратылады. «Оны сондай алғаш жаратқан тірілмеді»[36, Ясин, 78-79]; «Сендерге уәкіл етілген өлім періштесі жандарыңды алады. Сосын Раббыларыңа қайтасыңдар»[32. Сәжде сүресі, 10-11 аят .]; «Сендерді тірілмеді, өлтіреді және күндіз түннің ауысуы Оған тән. Ал ойлайсыңдар ма?»[23. Муминұн сүресі, 80 аят], -делінеді.

Барлық өркениетті діндер жанның бар екендігі жөнінде үш мың жылдан бері айтып келеді. Алайда, материалистік байлыққа қол жеткізген сайын рухани дүниеміз тоқырап, дүниетаным да өзгере бастады. Медицина да Алла тағаланың берген жанын мойындамай, материалистік көзқарастан арыла алмай келеді.

Шындығында «Өлгеннен соң өмір бар ма?», «Жан», «Рух» дегеніміз не?», Олар жайында дін, ұлы тұлғаларымыз, теолог ғалымдар, философтар не дейді?», «Ыбырай Алтынсарин жантау іліміне қандай үлес қосты?» Мақалада осы сұрақтар төңірегінде әңгіме қозғалып, жауап ізделеді.

Түйінді сөздер: Құран, Алла тағала, жан, қан, тән, өмір.

ВКЛАД ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА В ПСИХОЛОГИЧЕСКУЮ ДОКТРИНУ

Оспанұлы С. – кандидат филологических наук, профессор, научный сотрудник, Костанайский областной музей имени Ы. Алтынсарина, г. Костанай, Республика Казахстан.*

Мырзагалиева К.М. – кандидат филологических наук, ассистент-профессор кафедры теории языков и литературы, Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

В Священном Коране говорится, что как человек был создан в первый раз, так же он будет создан и во второй раз. «Тот, кто сотворил его впервые, оживит его снова» [36, Ясин, 78–79]; «Ангел смерти, поставленный над вами, заберёт ваши души, после чего вы будете возвращены к вашему Господу» [32, сура Саджда, аяты 10–11]; «Он оживляет вас и умерщвляет, и Ему принадлежит смена дня и ночи. Неужели вы не понимаете?» [23, сура Муминун, аят 80], – говорится в Коране.

Все цивилизованные религии уже более трёх тысяч лет говорят о существовании души. Однако по мере того как человечество достигало материального благополучия, наша духовная жизнь стала приходить в упадок, а мировоззрение – меняться. Даже медицина, не признавая душу, дарованную Всевышним Аллахом, всё ещё не может освободиться от материалистического взгляда.

На самом деле, существует ли жизнь после смерти? Что такое «душа» и «дух»? Что говорят о них религия, наши великие личности, теологи и философы? Какой вклад внёс Ыбырай Алтынсарин в учение о душе? В статье рассматриваются эти вопросы и предпринимается попытка найти на них ответы.

Ключевые слова: Коран, Всевышний Аллах, душа, кровь, тело, жизнь.

THE CONTRIBUTION OF YBYRAI ALTYNSARIN TO PSYCHOLOGICAL DOCTRINE

Ospanuly S. – Candidate of Philological Sciences, Professor, Researcher of the Kostanay Regional Museum named after I. Altynsarin.*

Myrzagaliyeva K.M. – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the Department of theory of languages and literature, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

The Holy Qur'an states that just as a human being was created for the first time, he will be created again in the same way. "He who created him the first time will bring him back to life" [36, Ya-Sin, 78–79]; "The Angel of Death, who has been appointed over you, will take your souls, and then you will be returned to your Lord" [32, Surah As-Sajdah, verses 10–11]; "He gives you life and causes you to die, and to Him belongs the alternation of night and day. Will you not then understand?" [23, Surah Al-Mu'minun, verse 80], it is stated.

All civilized religions have been speaking about the existence of the soul for more than three thousand years. However, as humanity has achieved material wealth, our spiritual world has begun to stagnate, and our worldview has started to change. Even medicine, without acknowledging the soul granted by Almighty Allah, still cannot free itself from a materialistic perspective.

In fact, is there life after death? What are the "soul" and the "spirit"? What do religion, our great personalities, theologians, and philosophers say about them? What contribution did Ybyrai Altynsarin make to the study of the soul? This article discusses these questions and attempts to find answers to them.

Key words: Qur'an, Almighty Allah, soul, blood, body, life.

Кіріспе. Жан мәңгілік. Жанның мәңгілік екенін тұңғыш айтқан алғашқы философтардың бірі - Сократ.

Абай жиырма жетінші сөзінде (Сократ хакімнің сөзі) Аристодим деген ғалым шәкіртінің сұрағына орай Сократ адамды жаратқан Алла тағала мінсіз, қапысыз, аса шебер жасағанын, кірпік, құлақ басқа да сезім мүшелерінің мінсіз жасалуы арқылы дәлелдей жеткізсе, адам жанын артық жаратқанын қайуан жан-тәнімен салыстыра көрсетіп: «Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден Алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма? – депті», – дейді.

Қазақ адам дегенді «Жан» деп те атайды.

Бір жігіт бар- құр жан,

Бір жігіт бар-тірі жан.

Бір жігіт бар- жігіт жан.

Шал (Тілеуке) Құлекеұлы.

Сұрасты мұнда жүрген неткен жансыз?

Ыбырай Алтынсарин

Өздерің де айтыңдар

Неше түрлі жан барсың.

Абай Құнанбаев

Кришна ілімі де «Біз тән емеспіз, жанбыз» дейді. – Жан- сач-үндістанда виграһаһ- мәңгі тіршілік етуші және білім мен шаттық кейпі болып табылатын Параметманың бөлінбес бөлшегі. Ешқандай сектаға жатпайтын қршна деген наманның өзі «керемет шаттық», дегенді білдіреді. «КршПлатон-керемет», «на-шаттық» [1;7 б.]

Негізгі бөлім. Платон адам жанының өлмейтінін айтып: «Жан мен тән бір-біріне тәуелсіз жеке өмір сүреді», – десе, Аристотель «Олар бір-бірімен байланысқан. Жан мен тән ажырамас бірлікте» екенін айтады [2;24 б.]

Жан жайында тұңғыш кітап жазған Әбу Әли Ибн Сина: «Жан туындап өсіп-өнудің бастамасы, ... денеден бөлініп те шыға алады, әрбір жан өмір сүре алады» [3; 396.], – дейді.

Барлық адамзатқа ортақ, Шығыс та, Батыс та мойындаған араб медицинасының атасы Әбу Бәкір Ар-Рази: «дене іріп, шіріген соң сүйегің, болады екен рухыңның орны қайда» деп толғанады.

Ол Әбу Бәкір Ар-Разидің медицина ғылымы туралы айтқан қағидалары бүгінге дейін қолданылып келеді.

Ибн Сина өлең де жазған. Рух, ақыл жайында дастандары бар. Ол білімді болудың артықшылығы жөніндегі бір өлеңінде «Тәрбиеле рухынды, үйреніп ғылым-білімді» [4;19], – дейді.

«Тәніңді жаныңның табыты жасама», – дейді Пифагор.

Бейбарыс сұлтанның дәрігері, өкпедегі қан айналымы мен жүректің екі бөлігінің арасында қан жолының жоқтығы мен жүректі қанмен қамтамасыз ететін Вена қан айналымы туралы тұңғыш пікір білдірген Ибн Нәфис (1210–1288), бүкіл дәрігерлердің ұстазы Ибн Синаның (980–1037) «Әл-Қанун» кітабына жазған түсіндірмесінде Ибн Нәфис қан ағып артерия арқылы өкпеге баратынын, ауамен араласып тазарып, вена арқылы жүректің сол жақ бөлігіне құйылатынын, сөйтіп, таза қан түзіліп шығатынын айтады. Жүрек денедегі тамырлардан аққан қаннан қоректенетінін егжей-тегжейлі оқушысына ұғындыра жеткізеді [4;9-10].

«Жүрек тамырлардан аққан қанмен қоректенеді» дейді, яғни қуат-күш алады.

Есіңе әл-Фарабидің «Уа, Раббым! Өткіңші қызықтарға қарсы күресімде өзіме **ыстық қайрат**, керемет күш-қуат бер!» деген сөзі, «Абайдың үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: **Ыстық қайрат**, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – деген өлең жолдары оралады. Нұрлы ақыл да, жылы жүрек те қаннан нәр алады. Жанның мекені – қан. Сондықтан да қан тазалығы – жан тазалығы! Осыны жете білген әл-Фараби Алла тағалаға: «Жанымды дүниеге деген құштыралықтан құтқарып, пәнилік пенделіктен, ластықтан айықтыр. Жанымды биік рухтардың әлеміне бастағайсың!», – деп жалбарынады. «Уа, Алла! Пәни жалғанның ғапылдығынан сақтап, **таза ақылдың** иелерінен қылғайсың», – деп «таза ақылды» да алғаш айтқан әл-Фараби бабамыз.

Көрнекті әдебиетші ғалым, абайтанушы, шәкәрімтанушы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметов «жылы жүрек» сөзінің төркіні әл-Фараби бабамыздың «...жүрек – ішкі табиғи жылылықтың көзі. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар осыдан нәр алып отырады» деген танымынан тамыр тартқанын баян етеді. [5;88].

Адам бойына жылылық тарататын да қан айналымы. Адам мүшелерінің ішінде атқарар қызметіне қарай жүрек бірінші, ми екінші. Ми жүрекке өмір бере алмайды, жүрек миға әсер ете алады. Бірақ мұның үстемдігі бірінші емес. Бұл жөнінде Әбунасыр әл-Фараби: «Жүрек – басты мүше. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі болса, оның өзін жүрек билейді... Мүшелердің ішінде тұңғыш рет жүрек пайда болды, бұдан кейін ми.», – дейді. Бұл пікірді Ибн Сина да қостап «Жүрек бірінші бастама боп табылады, одан миға күш барады», – деп көрсетеді. Қазіргі медицина да бірінші екенін айтады. Құрсаққа нәресте біткенде бірінші жүрек пайда болатынын мойындайды.

Осы пайымдаулардан кейін адам мүшелерінің ішінде алғаш жан жүрекке қонып, қан арқылы бүкіл денеге тарайды деген қорытынды шығаруға болатын сияқты, яғни қан – жанды мекендейді. Денеден қан кеткенде жансызданып, ештеңе сезбейтін күйге түседі.

Сондай-ақ М.Мырзахметов Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген пәлсапалық лирикасындағы «мені» мен «менікінің» айрылғанын «өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» деген өлең жолдарындағы «мен», «менікі» сөзінің пәлсапалық мағынасының аса терең салмақты мән-мағынасы бар терең танымдық ұғымдар екенін ескертіп, Абайдың «мен» деп тұрғаны тәнді мекен еткен жан мен ақылдың бірлескен әрекетінен жинақталып қалыптасқан рухани қазынамыздың бар болмысын айтатынын түсіндіреді [5;.88].

Елдің рухын асқақтатып, алға, биіктерге бастайтын ұлтының қамын ойлаған ұлы тұлғалардың аңсағаны осы ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек еді?! Абай: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – десе, Ыбырай: «Ойласаң, барша адамзат – туған бауыр», Шәкәрім: «Еңбекпенен, өрнекпенен өнер ойға тоқылса, жайнар көңіл, қайнар өмір Ар ілімі оқылса», – деп адалдыққа, бірлікке, бауырмалдыққа шақырғандағы арман-мақсаты да елдің ертеңі, болашақ қамы болатын. Бұл рухани бай, жетілген ел ғана бақыт құшағына бөленетінін білгендік еді. Қазір ше?! Қазір рухани жұтаңдық белең алып, материалдық байлықты ғана ойлайтын болып барамыз, бұл алысқа апармасы анық.

К. Циолковский: «Смерть есть одна из иллюзий слабого человеческого разума. Ее нет, потому что существование атома в неорганической материи не отмечается памятью и временем, последнего как бы нет. Множество же существований атома в органической форме сливаются в одну субъективно непрерывную и счастливую жизнь – счастливую, так как иной нет» [6], – деп өлімнің жоқтығын дәлелдеген.

«Жанның өлместігіне сенбеген адам – өлім туралы шындықта ойланбаған адам», – дейді Лев Толстой.

Репрессия құрбаны, ұлттық білім беру ісінің іргетасын қалаушылардың бірі Абдолла Байтасұлының 1923 жылы «Шолпан» журналының №6-7-8 нөмірлерінде жарияланған «Еңбек мектебі» туралы деген мақаласында адам баласының екі түрлі заттан құралғаны, оның бірі-жан, бірі-тән, тәннің жанның қабы екендігі сөз болады. «Тән жан үшін ғана керек. Сондықтан жан тәрбиесі тән тәрбиесінен өте күшті болуы керек», -деп ойын әрі қарай дамыта түседі.

Автор ғалымдардың «Адамда жұмбақ нәрсе жан ғана, жан тәрбиесі жетілмей тұрып, адамнан бүтіндік көруге болмайды» – деген сөздерін келтіріп, жан мен тән жайындағы ойларын оқушыларына талдап, таразылап, ұғынықты тілмен жеткізеді.

Қазіргі ғалымдар, айтулы тұлғаларымыз рух, жан туралы не дейді?

Шыңғыс Айтматов: «Біз рухани тазармай тұрып, ешқандай игілікке қол жеткізе алмаймыз» [7;221], – десе, енді бірде: «Мен өзімнің түсінік- пайымдауымша, дін мәдениет үшін адам рухын жетілдіру жолдарын іздестіруде оның алдына жарық түсіріп отыратын ажырамас прожектор деген болар едім [7; 177.], – деп жазады.

«Адам өзгенің бәрін білгенмен, өз жанын білмейді. Адам жанын түсіну қиынның қиыны», – дейді философ, академик Ғарифолла Есім.

С.Аспандияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің профессоры, елу жыл патологанатом болып қызмет атқарған Ж.Б. Ахметов «Өмір-Өлім-Өмір» атты ғылыми танымдық еңбегінде өліп-тірілгендер жайында сөз еткенде «Енді, мен өзім естіген бір әңгімемен бөлісейін», – деп мына төмендегі жайтты баян етеді:

«Менің туған нағашым Шерманов Піржан соғыс жылдары (1940-1945) Самарқанд қаласында милиция бөлімінде жұмыс істеген, жанында және бір қазақ болған. «Соғыс кезі, бандиттер көп, жұмыстан кеш қайтамыз, қаланың тар көшелерінен өтіп келе жатқанда қолымызға тапаншаларымызды алып бәріміздің соңымыздан біріміз жүріп сақтанып жүреміз. Сөйтіп жүргенде қасымдағы жігіт, Шанаев Смайыл, температурасы өте жоғары көтеріліп аурып қалды, оны жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызым, бірақ халы өте нашар, әр күні келіп хабар алып тұрамын. Үшінші күні түнде келсем кезекшілер досыңыз өлді, оны мәйітханаға апарып тастадық деді. Ылаж жоқ, таң атқаннан соң келмекші болып үйге кеттім, жұмысқа хабарластым. Сонымен ертеңіне келсем Смайыл қылтиып керуетінде отыр. Сұрастырып қарасам ол былай болыпты:таңертең мәйітхананың санитары келіп есікті ашса, столдың үстінде тыр жалаңаш бір адам отыр, қорқып кетіп ауруханаға жүгіріп барса, ол түнде «өліп» қалған ауру екен. Бөлімшеден көрпе-әдиал әкеліп, соған орап бөлімшеге апарып, денесін жылытып, дәрісін салып, тірілтіп алып отырған кезі екен. Осы өліп, қайта тірілген Смайыл ақсақал 1990 жылдардың соңында Жетісай қаласында қайтыс болды. Бала-шағасының айтуынша, сол жағдайдан кейін ол кісіде өлең жазатын қасиет пайда болған көрінеді. Автор одан әрі «Ыбырай Алтынсариннің «Надандық» деген әңгімесіне тоқталып кетейік», -деп әңгіме мәтінін толық беріп:

«Өлім біздің әрбір қадамымызды аңдып отыр. Бірақ ешкім шығып кеткен жанымызды не күтіп тұрғанын білмейді. Кейінгі жылдары о дүниеге барып-қайтып келіп жатқандардың саны үздіксіз артуда», – деп бұл мәселе тірі жандарды да, дін танушыларды да, дәрігер ғалымдарды да алаңдатып отырғанын, клиникалық өлім, деп аталған бұл феномен жан-жақты зерттелу үстінде екенін айтады.» [2; 176-177].

Ыбырайдың «Надандық» әңгімесі тұңғыш «Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») кітабында 1879 жылы жарияланды. Әңгімеде кейбір зерттеушілер айтып жүргендей қайтыс болған адам христиан діні сенімі бойынша поптың қатысуымен жерлеу де, Ислам дініне, молдаларға да қарсы пікір жоқ. Өздеріңіз оқып, көріп отырғандай, тек клиникалық өлім болатынын ғана айтып, адамды жерлегенде сақ болу керектігін ескертеді.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Сәкен Әміреев «Қазіргі медицина негізінен материалдық бағытта дамығандықтан дәрігерлер адма жанының не екендігін, жанның қалай және қайдан пайда болғанын білмейтінін, алайда жан туралы ілім Ибн Синаның «Каноны медицинасы» деген, осыдан мың жыл бұрын жазылған еңбегінде жан-жақты қарастырылғанын, Р. Моудидің «Жизнь после жизни» кітабында жанның бар екенін ғылыми тұрғыда дәлелдегенін айтады [2;278].

Техника ғылымдарының докторы, профессор Нариман Жалғасұлы «XXI ғасырдың 60 жылдары әр ел жер қыртысын тексеру үшін өте терең ұңғылар қазған, – дейді. – Соның ең тереңі КСРО-ның Кольск жартылай аралында (12,5) іске асты. Сол тереңдікке микрофон түсіргенде тозаққа түскендердің жалбарыну, жылау сияқты қиналған дауыстары естілген» [2;277].

Теология докторы Кенжетай Досай Ислам фитраты ақиқат екенін, адам әлемге, Аллаға алдыменен сол ақиқат рух арқылы көтеріліп, байланысатынын айтып: «Рух – адамның ең басты бағдары. Себебі ол бағдар сана, ақылмен көмкерілген. Алла да адаммен ақыл арқылы байланыс жасайды» [2;266], – дейді.

«Абайтану курсы», «Ұлылар үндестігі», «Абайтану», «Абайдың рухани мұрасы», «Жасару құпиясы», «Шәкәрім шыңы» атты дүниетанымдық кітаптардың авторы Досым Омаров жан жайында «Жан – Алла тағаланың қуаты болғандықтан, жан қасиеттері де өзінің бастауына ұқсас болып, сапа жағынан алғанда оның негізгі қасиеттері Ұлы Жанмен ұқсас»[8;89-90.], – десе, рух жайында: «Рух жанның рухани денесі, оны сақтайтын қабыршығы, материалдық әлеммен байланыстыратын және жанның қалауын орындайтын құралы, денесі тәрізді» [8; 92-93].

Философия ғылымдарының докторы, профессор, академик Тілекжан Рысқалиев журналист Бауыржан Ғұбайдұлдинге берген «Бізге рух жетіспейді» деген сұхбатында «Рухты қалай күшейтеміз?» деген сұраққа баланы тым еркелете бермей, еңбекке баулу керектігін айтып: «Артур Шопангауэр, Лев Толстой, Зигмунд Фрейд сынды данышпандардың пайымдауынша, баланың ерік-жігері бес жасқа дейін қалыптасады екен», – дейді. – Бала қаршадайынан өз керегіне өзі әрекеттеніп дағдыланса, мәселен, өзі киініп-шешініп, шешкен киім-кешегін өзі жинап әдеттенсе, оған өмір сүру, тұрмыс-тіршілікке бейімделу әлде қайда жеңіл болады. Өз бетімен әрекеттенуге дағдыланған баланың өз-өзіне сеімі күшті болады. Классикалық мысал ретінде Ыбырай Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласын» алып қараңыз. Асан мен Үсен екеуі құрдас, бір ауылдың балалары. Басты айырмашылығы – Асан – байдың, ал Үсен – кедейдің баласы. Қиындыққа тап болғанда Асанның әрекет қыларға еш қауқар-қайраны жоқ. Есесіне, көзін еңбекпен ашқан Үсен үнемі тығырықтан шығар жол тауып отырады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ұлт та Асан сықылды біреуге сеніп отыра бермей, Үсен секілді ұдайы қозғалыста, ердайым ізденісте болғаны жөн. Тіпті өзге жұрт сүйсіне тұтынатын бренд өнім (тауар) шығару да – ұлттың мерейін өсіріп, рухын көтеретін жайт. Сондай-ақ халықаралық бәсі биік спорттық бәсекелерде, мысалы, әлем чемпионаттарында немесе олимпиадалық ойындарда отандық спортшымыз жеңіске жетіп жатса, үлкен-кішіміз бірдей аруақтанып, рухымыз асқақтап шыға келмей ме?! Міне, осындай қуанышты-сүйінішті құбылыстарға халық әрдайым мүдделілік танытып, ал билік соған жүйелі жағдай жасай білуі шарт! [9; 17].

Ұлы ағартушы ісімен де, шығармашылығымен де ел рухын көтеріп, биіктерге бастауды мақсат етіп бірінші орынға қойды. Онысы өткен қызметінен де, жазбаларынан да тайға таңба басқандай анық көрінеді.

1883 жылы 20 қазанда Торғай облысының соғыс губернаторы Ильинге баяндама хатында үкіметтің қазақ ауылдарында мектеп ашуы – жергілікті халықты орыс халқымен рухани жақындату, экономикасын да дамыту деп білді. Сондықтан да ол «Қазақтарға, осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа қазір кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін бағыт беру, қалай дегенмен, аса қажет болып тұр» [10;81-82], – деп жазды.

Рухымыздың қыр-сыры, жантанудың бастау бұлағы да – қасиетті Құранда, ән-күй, өлең – жырларымызда. Құран ақ өлеңмен жазылған, өз мақамы-әуені бар құдірет. Құдірет негізінен сол мақамында, дыбысталуында, мақамымен дұрыстап оқығанда сөзін түсінбесе де елдің ұйып тыңдайтын себебі сол. «Мұсылман әлеміндегі дін ғұламаларының қай заманда да Құранның тек арабша нұсқасы ғана дауыстап оқылуын қатты құнттайтынында, тіпті қадағалайтынында үлкен мән бар: түпнұсқаның бір құдіреті эмоциялық-интуитивтік бастауы басым болып келетінінде; киелі кітаптың адамның жанын баурап алып кететін керемет қасиеті ғажайып сөз сазында жатыр. Мұхаммед пайғамбардың көзі тірісінде Құран сүрелерінің негізінен жатқа айтылып таралғаны оның мәтінінің әуезділігін, үнділігін барынша ұштай түскен деп шамалауға болады [11; 175].

Ұлтымыздың рухын көтеретін газет-журнал, театр. Ыбырай газет шығаруды, жас өспірімдер театрын ашуды да ойлаған. Рух – ұлттық ойындарымыз. Солардың ішінде – ат жарысы мен батырлар жырын ерекше атауға болады. Ат арқасына мінген қазақ аруақтанып кететінін талай естіп те, көріп те жүрміз. Әсіресе, батырлар жыры ерлікке бастап, баланың өр мінезді, жігерлі болып өсуіне әсер етеді. Дана Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» кітабына «Қобыланды батыр» жырынан «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» деп үзінді атап беруі сондықтан болар.

...Шырағым бурыл, шу деді,
Шу дегенде гуледі...
Табаны тасқа тимеді,
Тау мен тасты көрмеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан сайын өрледі,
Асқарды көзі көрмеді,
Көлденең жатқан көк тасқа
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықты иледі, –

деген қуатты жолдар кім-кімді де еліктіріп, рухын асқақтатары сөзсіз.

Рухымызды көтеретін еңбекте де, ғылым-білімде де, өнерде де өзге елдерден озық болып Көк Туымыздың көкке көтерілуі! Рух – жанымызда, қанымызда!

Қазір батырлар жырын оқитын бала бар ма екен, бар болса да аз шығар-ау...

Украиндық шығыстанушы ғалым А. Е. Крымский (1871–1842) «Қазақстан түріктерінің әдебиеті» деп аталатын мақаласында «Мұғалімдер оқушылар арасында Алтынсарин хрестоматиясының өте көп тарауы қазақ халқының рухын көкке көтерді»[12;75], – деуі тегіннен тегін емес еді. Шындығында да бұл ұлтымыздың сүйікті кітаптарының біріне айналды. Тіпті «Қазақ хрестоматиясы» дегенді «Адамгершілік әліппесі» немесе «Әдептілік әліппесі» десе де артық болмас еді.

1879 жылы Орынборда жарық көрген бұл кітап жайында М.Мырзахметов 1998 жылы Алматының «Санат» баспасынан жарық көрген «Түркістанда туған ойлар» деген кітабында «Оқулық Халық ағарту

министрлігінің есебінен 2000 дана боп басылды және ол Бөкей ордасы Орал мен Торғай облысы ғана емес, әрі Түркістан өлкесі мен Батыс Сибирь мектептеріне де арналды. (И. Алтынсарин. Собр. Соч., I – т., 303). Бұл – мәдени әрі саяси мәні ересен зор ұлы бастама болды», – деп жазды.

«...Қалың елге кейде адамшылықты ем қылады, кейде дін өсиетін үлгі қылып ұстайды. Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалылығын көп ұсынатын ақын Алтынсарин», – деп «Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен» өлеңінен үзінді беріп, дін сарынымен келетін өсиеті тәккәппар болмау, сабырлы болу, әділдікпен иесінен ұялу, иман байлығын жиюға тырысу, осы үлгінің барлығын дін жақсыларының өміріндегі мысалдармен жеткізетінін баян етеді [13;218-219], – деп М. Әуезов айтқандай, бұл кітаптағы шығармалардың бәрі дерлік Құранға, Хадистерге сүйеніп жазылған тәрбие құралы.

Баланың ой-өрісін кеңейтіп, шешендікке, қысқа да, нұсқа мағыналы сөйлеуін қалыптастыруда мақал-мәтелдердің ролі зор. Ұстаз өзінің «Қазақ хрестоматиясына» мақал-мәтелдерді де қосуды ұмытпаған. Ыбырай жинаған мақалдардың көбісі әдепті, қайырымды, әділ, табанды, жомарт, кішіпейіл болуға үндейді. Еңбек жайында «Еңбек етсең, өміріңше емерсің», «Еңбектің түбі рақат» деген мақалдарды келтіріпті.

Ыбырайтанушы ғалым Әнуар Дербісәлин Ыбырайдың қазақ тілін ұқыпты да шебер пайдаланғанын, сондықтан оның көптеген сөздері бүгінде халық ұғымына әбден сіңісіп, мақал-мәтелге айналып кеткенін айтып: «Еңбек етсең емерсің», «Еңбекпен табылған тамақ тәтті әрі сіңімді болады» деген мақалдарын мысалға келтіреді [14;226].

Ыбырай «Әке мен бала», «Қыпшақ Сейітқұл», «Сатемір хан», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімелерінде де еңбектің пайдасы жөнінде айтады. Яғни ұлы ұстаз еңбек етудің адамның сана-сезіміне, жан дүниесінің қалыптасуына ерекше әсер ететінін жақсы білген.

Еңбек ету табыс қана әкеліп қоймайды, Ыбырай әңгімесінде айтылғандай адамды шыңдайды, өмірден тәжірибе жинақтауына, ойының бөлінуіне, уақытты бос өткізбеуіне де ықпал жасайды. Еңбек үстінде адам ойлана да алады. Қазіргі балалар телефонға телміріп, көруге болмайтын, болатын неше түрлі заттарды, оқиғаларды көреді. Бұл баланың психологиясына кері әсер етіп жатқанын кейбір ата-ана елемей, бала тыныш отырса болды деп ойлайды. Атыс-шабыс қатыгездікке бастаса, далада таза ауада ойнамай үйде отырған баланың денсаулығы да жақсы бола бермейді, әлжуаз болып өседі. Сондықтан да бабаларымыз «Етікті нәл сақтайды, жігітті әл сақтайды» деген. «Еңбексіз іс бітпейді, еріншектің қолы жетпейді».

Жалқаулық, еріншектік, епсіздік, зерігіу, ерігу еңбек етпеуден туындайтын жаман әдеттер. Ерігу, зерігу – бүлікке, ойсыздыққа, немқұрайлылыққа жетелейді. «Немқұрайлылық жүректің ең жаман дерті. Өйткені немқұрайлылыққа шалдыққан жүрек – әлсіреген жүрек. Ондай жүректің 1) сезінуге, 2) сүйсінуге, 3) әсерленуге ешқандай да дәрмені жоқ. Сондықтан да қандай да жүректі болмасын ескертіп, ақиқаттан (Ақиқат – рух, әлем тылсымының бастауы- С.О.) хабардар қылып оятқан абзал» [14.] Құранда: «Аллах көп тәубе етушілерді және көп тазарғандарды ұнатады» [15].

Шәкәрім: «Бар ғылымның түп атасы – таза ақыл мен ойлану», – дейді. Кітап оқымай, телефонға телмірген баланың ойлау қабілеті де төмендеуі сөзсіз.

Қазір не ішіп, не киемін дейтін бала жоқ, бәрі бар, енжарлық етек алып, ұрыс-керіс, төбелес, төбелес соңы өліммен аяқталып жатқаны жасырын емес. Оқушылардың аяусыз бір-бірін өлтіру себебі неде? Біздіңше көп себептердің бастауларының бірі – баланы еңбекке баулымау.

«Еңбек ерлікке жеткізер,

Ерлік елдікке жеткізер.»

Ағаш күнге қарай тартылып өседі. Қалың орман арасындағы ағаштардың тіп-түзу, тіп-тік болып өсетіні сондықтан. Орманның шетінде жалғыз өскендерінің күн бірде үстінен, бірде оңынан, бірде солынан шығып, әрі жал, дауыл, құйын соғып, бұтақтарын майыстырып, сындырып, қисық-қисық болып жетіледі. Мұндай қайыңдарды біз «биші қайыңдар» деп жүрміз. Шындығында бейшара қайыңдар. Адам да сол сияқты...

Ыбырай «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде бір төре баласын ертіп, күнде бақшаға барып, егілген ағаштар мен гүл жапырақтарын көріп жүреді. Бірде баласы: «- Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен?», – деп сұрайды. «- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса, кесіп. Мына ағаш бағусыз, өзі шығу қалыбымен өскен», – деп жауап береді. «- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой», – дейді баласы. «-Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, мұнан сен де өзіңе ғибрат алсаң болады: сен жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең-жақсы, түзік кісі болып өсерсің; бағусыз бетіңмен кетсең – сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», – деді.

Жанды, жансыздың бәріне күтім керек. Бейкүнә баланың сана-сезімі ата-анасының, өскен ортасының тәлім-тәрбиесімен дамып, қалыптасады. Педагог, ақын, жазушы, аңғарымпаз Ыбырайдың негізгі айтпағы осы. Сол ойын табиғатпен астастырып әдемі жеткізе білген. Қысқа әңгімеде жан тәрбиесі де, тән тәрбиесі де қамтылған.

Пайғамбарымыз қоршаған орта тазалығына ерекше көңіл бөліп, халық көп жүретін жол бойы мен адамдар көлеңкелеп отыратын тұстарды былғағандар лағынетке ұшырайтынын ескерткен [16].

Ыбырай «Таза бұлақ» әңгімесінде үш жолаушының бір бұлақтың басында кездескендерін, олардың бұлақтан ішіп, сусындары қанған соң бұлақ басындағы «Ей, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!» деген жазуды оқып, оның мән-мағынасын үшеуі үш түрлі түсінгенін былайша баян етеді:

«Біреуі саудагер екен, ол айтты:

- Бұл жазылған ақыл сөз: бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл. Еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең ақырында сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, – деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

- Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек. Бұл бұлақ кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанның салқындатып **жанын рахаттандырады**, сусағанның сусынын қандырады. Оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді, бұлай болса адамға да ғибрат сол- біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, – деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» – деп сұрады.

Жігіт айтты:

- Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: **көңіліңді, бойыңды** осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, **көңілің** сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, – деді.

Көңіл – адамның ішкі әлемінің айнасы, жан-дүниесі, алға бастайтын сенімді серігі. Адам бойындағы асыл қасиеттер – көңілдің жемістері.

К. Циолковский «Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды, ендігі шабуылды адамдар табиғаттан күтеді»[2,223], – дейді. Қазақстан мен Қырғызстаннан күздің қараша айында жылы өлкеге ұшқан жүз мыңдаған аққу, қаз, үйрек бағытынан жаңылып, аяз қарып тұрған Якутияға қонып, жаппай қырғынға ұшырапты. Жер бетінде топан су қаптап, құйын соғып, ормандар өртеніп бүліншілік болып жатқанын көріп, біліп отырмыз. Бұл табиғатты, – ауаны жеті қат аспан мен жетіқат жерді аяусыз тілгілеп ластағанымыздан емес деп кім айта алады?!

Ұлы ұстаздың «Аурудан аяған күштірек» әңгімесі «ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жаным қиналғанын көрсе әжем де қиналып жүдемесін деп, шыдап жатырмын», – деп түйінделеді.

Автор «аяғым сырқырап» деп ауырған жерін (тәнін) айтпай, «жаным көзіме көрініп тұр» дейді. Яғни әңгімеде жан мен тән екі басқа дүние екені меңзелген.

Ыбырайдың өсиет өлеңдеріндегі кейіпкерлері Ескендір мен Қыдыр Илияс суын ішкен адамды, мәңгі жасартатын, «Мәңгі су» (Әбілхаят- С. О.)басында бір кісіні кездестіріп, одан жөн сұрағанда, әлгі адам:

«Дүниені неше айналып, неше кездім,
Өз **жаным** мен **тәнімнен** өзім бездім», –

деп, бұлақ басына келу себебін айтады. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында да Ыбырай «Аз уақыт дүниеде қонақ хисабында тұрып жаман пиғылды, жаман хұлықты болып, ақиретіңізге не **жанға**, не **денеге** пайдасы жоқ нәжіс ұстап қайтпаңыз», -деп, жан мен тәннің екі бөлек нәрсе екенін түсіндіре жеткізеді.

Мұхаммед пайғамбар бір хадисінде: «Мәйіттің соңынан үш нәрсе ереді: Отбасы, істеген амалы және мал-мүлкі. Отбасы мен мал-мүлкі кері қайтады. Істеген амалы онымен бірге қалады» [17; 52-53].

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында «Дүниеде таза мінез бен қайырлы істер істеп ақиретке қайтсаңыз, сол өзіңіздің жиып қайтқан жақсылықтарыңыз- ақиретке бірге баратын дәулеттеріңіз. Ол дәулетіңізбен мәңгі дүниеде пайдаланып, ұжмақ ішінде рақметте қаласыз», – деп өлген соң да өмір барын қазақта алғаш айтқан Ыбырай [17;56].

Аллаһ Расулы жомарттық пен сараңдықты хадисінде: «Жомарт адам Аллаһқа жақын, адамдарға жақын, жаннатқа жақын, жәһаннамнан ұзақ, сараң адам Аллаһтан ұзақ, адамдардан ұзақ, жаннаттан ұзақ, жәһаннамға жақын. Аллаһтың алдында жомарт болған бір қараңғы адам сараң болған ғалым адамнан сүйкімдірек. Ең емі қиын дерт – сараңдық дерті» [18;111, 544.], – дейді.

Ы. Алтынсарин «Жомарт» деген әңгімесінде Атымтай жомарттың асқан бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын жинап, шөп тасып жүргенін көрген танысы:

- «Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ақша, тамақ, жалаңашқа киім, үйсіздерге үй болдыңыз; сөйтіп тұрып, өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мәнісі не?», – деп сұрайды.

Сонда ол оның төрт түрлі себебі барын былайша түсіндіреді: «Әуелгісі, әдемі ат, асыл киім, асқан сәулетті өнебойы әдет етсең, көңілге желік кіргізеді, сол желіккен көңілмен, өзіңнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі,

бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін. Үшіншісі, күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі, Құдай – тағаланың берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген Иесіне кінәлі болармын деп қорқамын».

Мұнда да еңбекпен тапқан тамақтың сіңімді болатыны айтылып тұр.

Жомарттық – тек қана алған-бергенде емес, жанашырлық, жан байлығы, кім-кімге де қуаныш сыйлау, қайырымдылық, көңілдің көңдігі. Атымтай – көңілі кең, жаны жомарт адам. Әйтпесе байлардың бәрі бірдей жарлығы қараса бермейді, қолында бәрі бола тұра сараңдық жасайды. Сараңдық – жаны ашымастық, өзінің қарабасын ойлаудан туындайды, сараңдық – қайырымсыздық. Кедей болса да елді шаттыққа бөлегісі кеп тұратын жаны жомарт жандар жетерлік, «әттең тонның келтесі-ай» дегендей қолы қысқа.

Ыбырайдың «Әдеп» деп аталатын әңгімесінде бір елдің бас әкімі екінші бір елдің бай адамына жолығысып, сөйлесіп тұрғанда, қастарынан бір (жарлы шаруа) адамы өтіп бара жатып иіліп бас ұрып сәлем береді. Оған басқа жұрттың бас әкімі де онан да төменірек бас ұрып, сәлемін алады. Қасындағы бай:

- Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз, – дейді.

Сонда әкім:

- Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп әдепшілігін көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып қалайын ба? – деді», – дейді.

Әдеп – адамгершілік қасиет. «Әдептілік – жақсы тәрбие алу, бойға жақсы қасиеттер сіңіру, арлы, ұятты болумен ерекшеленеді. Әдептілік – адам баласының рухани қорғанышы. Ол адамды нәпсінің жетегінде кетуден қорғайды. Әдептен жұрдай адам қоғам үшін аса қатерлі» [19;199].

Ислам дінінің басты мақсаты – адамзат қамы, мораль: тәрбие, ақыл, даналық, өмірдің мәнамағынасы, адамгершілікке- ізгілікке, қайырымдылыққа, тазалыққа, мейірімділікке ұмтылу, ғылым-білім. Осы сияқты әдебиеттің де зерттеу нысаны адамның жан дүниесі, мінез-құлқы, зұлымдық пен пәктік, қуаныш пен реніш, өмір үшін күрес, сүйіспеншілік пен жек көрушілік, жақсылық пен жамандық, жомарттық пен сараңдық, қайырымдылық пен қайырымсыздық. Жазушы оны кейіпкерінің іс-әрекеті арқылы шығармаларында көрсетіп, адам жанын тәрбиелеп, рухани кемелденуіне үлес қосуға ұмтылыс жасайды.

Шығармаларында Ыбырайдың да балалардың жан дүниесін тап басып тауып, түсініп, қапысыз қаз қалпында бере білуі де жантанушылық, әрі шеберлік.

1855 жылы психология ғылымын тұңғыш ойлап тапқан Герберт Спенсер. Психологтар «Жан – адамның әр түрлі психикалық көріністері- қорқыныш, сескену, уайым-қайғы, ренжулерінің жиынтығы», – деп, жан ауруларын зерттейтін медицина саласын – психиатрия деп атайды.

Ш. Құдайбердиев:

«Жаным жоқ – деп болады масқара
Жалам емес, жазыпты пән деп мұны,
Не демес ой жетпей асқан адам.
Жанының бастан барын байқамапты
Психолог ғылымын ашқан адам», –

десе, ғалым Мекемтас Мырзахметов «Қазіргі философтар мен психолог ғалымдар психология ғылымын жантану деп атап бөгде бағыт алып адасуда», – деп Шәкәрім сөзін қуаттайды. Дәрігер ғалым Жауғашты Ахметов те «психика» – «жан» деген ұғымды бергенімен, психологтардың жан туралы, оның мәңгілік екендігі туралы түсініктерінің шала екендігін дәлелдей жеткізіп «Психологтардың айтуынша, жан – адамның әртүрлі психикалық жағдайлармен, оның ойының жиынтығы. Кейбір психологтар жан өмірдің негізі деп есептейді. Жан ауруларын психиатрия зертейді. Ал ғалымдар осы күнге дейін «жан деген не, ол бар ма?», – деген сұрақтарға нақты жауап бере алмай отыр. Қазіргі медицина, «Біз жанды ұстап көргеніміз жоқ. Құдай жоқ, – болса маған көрсет» деген материалистік көзқарастың құрбаны болып отыр» [2;26], – дейді.

Қорытынды. Психолог ғалымдар «Ыбырай жеке адамның даму жолын қоғам дамуымен байланыстыра алмады, оның адам туралы түсінігі жеке адам, «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» дейтін маркстік қағидаға сәйкес келуі қиын еді» деп жазуға мәжбүр болды, генетика заңдылықтарын да мойындамады. Бұл адамгершілікке, ізгілікке негізделген ата дәстүрімізден алшақтатты. Сол маркстік көзқарастан әлі де арыла алмай келе жатырмыз. Өйткені Кеңес үкіметі тұсында генетика ғылымы қуғынға ұшырады. Етті, сүтті малдан етті, сүтті төл туатынын, тектіден текті туатынын, баланың жақсы азамат болып өсуі, жақсы оқуы – түп негізіне байланысты екенін бекерге шығардық.

«Жақсылықты бұқтырсаң, жанынан міндетті түрде жауыздық өсіп шығады», – дейді Ш. Айтматов. – Осы қарапайым қағидаға ұзақ уақыт құлақ аспай келгеніміз қандай өкінішті!

Қайткен күнде де қанішерден-қанішер, жауыздан-жауыз тудырмау, мәңгүрттік пен зомбильлыққа деген құштарлықты асқындырмай, бұғаулау талабы – генетика ғылымы мен қоса, күллі адамзаттың алдында тұрған зор міндет емес пе?!» [21;129-130].

Ыбырай Құранды Орынбордағы қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектепте оқып жүргенде-ақ жақсы білген, алайда Шоқан, Абай, Шәкәрім сияқты ол да жантану жайында арнайы зерттеу еңбек жазбаған, бірақ шығармаларының бәрі дерлік адам тәрбиесіне арнап, жан тазалығына да, тән тазалығына да айрықша көңіл бөлген. Дінімізде «Жан тазалығына рухани кірлерден арылу, нашар дағдылардан тиылу, мінез-құлықты жақсарту, адамгершілік қасиеттерді арттыру, жүректі таза ұстау» жатқызылған» [20; 194].

Ыбырай әңгімелерінде осы жан тазалығы мен тән тазалығының бәрі бар. Оны хал-қадірімізше жоғарыда көрсетуге тырыстық.

Сондықтан да, жан мен тәннің екі бөлек нәрсе екенін, сондай-ақ өлген соң да өмір барын тұңғыш айтып, зерделеген теолог ғалым Ыбырай Алтынсарин деуге толық негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Шри Шаримат А.Ч. Бһактиведанта Свами Прабһупада. Туу мен өлімнің арғы жағында** [Мәтін] / А.Ч. Бһактиведанта Свами Прабһупада. – Алматы: Govindas мәдени орталығы, 2008. – 7 б.
2. **Ахметов, Ж. Өмір-Өлім-Өмір** [Мәтін] / Ж. Ахметов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018.
3. **Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық** [Мәтін]. – 4 т. – Алматы: «Жазушы», 2005.
4. **Ислам ғұламалары** [Мәтін]. – Алматы: «Гибрат» баспасы, 2008.
5. **Мырзахметов, М. Абайтану: 2-кітап** [Мәтін] / М. Мырзахметов. – 2-бас., толық. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014.
6. **Wikimedia.org** [Электронды ресурс]. URL: <https://www.wikimedia.org>
7. **Айтматов, Ш., Шаханов, М. Құзбасындағы аңшының зары** [Мәтін] / Ш. Айтматов, М. Шаханов. – Алматы: «Рауан», 1997.
8. **Омаров, Д. Шәкәрім шыңы: Ұлы ойшыл көтерілген рухани деңгей** [Мәтін] / Д. Омаров. – Алматы, 2008.
9. **Ғұбайдуллин, Б. «Бізге рух жетіспейді»** [Мәтін] / Б. Ғұбайдуллин // Қазақ әдебиеті. – 2024. – 24 мамыр.
10. **Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары** [Мәтін] / құраст. С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1991.
11. **Абдрахманов, С. Пушкин жырларындағы Құран сарындары** [Мәтін] / С. Абдрахманов // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. – Алматы: «Комплекс» баспасы, 2002.
12. **Рукописный фонд Центральной научной библиотеки АН УССР** [Текст] / Фонд 25524.
13. **Әуезов, М. Әдебиет тарихы** [Мәтін] / М. Әуезов. – Алматы: Ана тілі, 1991.
14. **Дербісәлин, Ә. Ыбырай Алтынсарин өмірі мен қызметі жайында** [Мәтін] / Ә. Дербісәлин. – Алматы, 1965.
15. **«Ясин» сүресі** [Мәтін]. – 6 аят.
16. **«Бақара» сүресі** [Мәтін]. – 2:22.
17. **Таһарат** [Мәтін]. – 68; Әбу Дәууд. Таһарат, 15; Ахмәд ибн Ханбәл. Мүснәд, 2/372.
18. **Мұсылманшылықтың тұтқасы (Шариат-ул-ислам)** [Мәтін]. – Алматы: Қазақстан; ТПО Қаламгер, 1991.
19. **Ғазали. Ихия** [Мәтін]. – Т. 3. – 544 б.
20. **Бағашар, Қ. Исламдағы тазалық** [Мәтін] / Қ. Бағашар. – Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2010.
21. **Айтматов, Ш., Шаханов, М. Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу)** [Мәтін] / Ш. Айтматов, М. Шаханов. – Алматы: Рауан, 1997.

REFERENCES:

1. **Shri Sarimat A.Ch. Bhaktivedanta Swami Prabhupada. Tuu men olimnin argy zhagynda** [Beyond birth and death]. Almaty, Govindas Cultural Center, 2008, 7 p. (In Kazakh)
2. **Ahmetov Zh. Omir-Olim-Omir** [Life–Death–Life]. Almaty, “Arys” Baspasy, 2018. (In Kazakh)
3. **Alemdik filosofiyalyk mura. Zhiyrma tomdyk** [World philosophical heritage. In 20 volumes]. Vol. 4. Almaty, Zhazushy, 2005. (In Kazakh)
4. **Islam gulamalary** [Islamic scholars]. Almaty, “Gibrat” Baspasy, 2008. (In Kazakh)
5. **Myrzahmetov M. Abajtanu: 2-kitap** [Abai studies: Book 2]. Astana, Interactiv Kazakhstan, 2014. (In Kazakh)
6. **Wikimedia.org**. Available at: <https://www.wikimedia.org> (accessed 6 January 2026).
7. **Ajtmatov Sh., Shahanov M. Kuzbasyndaǵy anshynyn zary** [The Hunter’s lament on the cliff]. Almaty, Rauan, 1997. (In Kazakh)
8. **Omarov D. Shakarim shyny: Uly ojshyldyn ruhani dengej** [Shakarim’s Peak: The spiritual level of a great thinker]. Almaty, 2008. (In Kazakh)

9. Gubajdullin B. **Bizge ruh zhetispeidi** [We lack spirit]. Kazakh adebieti, 2024. (In Kazakh)
10. **Altynsarinnin tandamaly pedagogikalyk muralary** [Selected pedagogical works of Altynsarin]. Comp. by S. Kaliev, Almaty, Rauan, 1991. (In Kazakh)
11. **Abdrahmanov S. Pushkin zhyrlarindagy Kuran saryndary** [Quran motifs in Pushkin's poetry]. Adebiettanu maseleleri, Almaty, Kompleks, 2002. (In Russian)
12. **Rukopisny'j fond Central'noj nauchnoj biblioteki AN USSR** [Manuscript fund of the Central scientific library of the academy of sciences of the Ukrainian SSR]. Fund 25524. (In Russian)
13. **Aueзов M. Adebiet tarihy** [History of literature]. Almaty, Ana tili, 1991. (In Kazakh)
14. **Derbisalin A. Ybyrai Altynsarin omiri men kyzmeti** [Life and work of Ybyrai Altynsarin]. Almaty, 1965. (In Kazakh)
15. **Surah Yasin**. Ayah 6. (In Arabic)
16. **Surah Al-Baqara**. Ayah 2:22. (In Arabic)
17. **Taharat**. Hadith 68; Abu Dawud, Taharat, 15; Ahmad ibn Hanbal, Musnad, 2/372. (In Arabic)
18. **Musylmanshylyktyн tutkasy (Shariat-ul-Islam)** [The pillar of Islam]. Almaty, Kazakhstan, Kalamger, 1991. (In Kazakh)
19. **Al-Ghazali. Ihya Ulum al-Din**. vol. 3, 544 p. (In Arabic)
20. **Bagashar K. Islamdagy tazalyk** [Purity in Islam]. Almaty, Kokzhiiek-B, 2010. (In Kazakh)
21. **Ajmatov Sh., Shahanov M. Kuz basyndagy anshynyn zary** (Gasyr ajyrygyndagy syrlesu) [The hunter's lament on the cliff (Dialogue at the turn of the century)]. Almaty, Rauan, 1997. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

*Оспанұлы Серікбай** – Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қостанай облыстық Ы. Алтынсарин атындағы мұражайдың ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы 110000 Қостанай қ., Нариман көш, 93, Zhumagazievna@mail.ru, Тел.: +77029761799.

Мырзағалиева Кулзада Мешитбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының ассистент профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан Республикасы 110000 Қостанай қ., Нариман көш, 93, e-mail.ru.kmkz55@mail.ru, тел.: +77023493633.

*Оспанұлы Серікбай** – кандидат филологических наук, профессор, научный сотрудник Костанайского областного музея имени Ы. Алтынсарина, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Нариман, 93, тел.: +77029761799, e-mail.ru: zhumagazievna@mail.ru.

Мырзағалиева Кулзада Мешитбаевна – кандидат филологических наук, ассистент-профессор кафедры теории языков и литературы, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Нариман, 93, тел.: +77023493633, e-mail.ru: kmkz55@mail.ru.

*Ospanuly Serikbay** – Candidate of Philological Sciences, Professor, Researcher of the Kostanay Regional Museum named after Y. Altynsarin, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 93 Nariman Str., tel.: +77029761799, e-mail: Zhumagazievna@mail.ru.

Myrzagaliyeva Kulzada Meshitbayevna – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the Department of theory of languages and literature, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 93 Nariman Str., tel.: +77023493633, e-mail: kmkz55@mail.ru.

IRSTI 16.31.41

UDC 81-26

<https://doi.org/10.52269/SRDG2611243>

TRANSLATION ECOLOGY: SPACE-TIME CONTINUUM AND ITS TRANSFORMATION IN TRANSLATION

*Plastinina N.A.** – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Nizhnevartovsk State University, Nizhnevartovsk, Russian Federation.

Stepanova M.A. – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Nizhnevartovsk State University, Nizhnevartovsk, Russian Federation.

This article presents a conceptual study at the intersection of ecolinguistics and translation studies, focusing on the ecological dimension of translation and the transformation of the space–time continuum in translated texts. The relevance of the research is in the growing ecological turn in the humanities, which foregrounds the role of language in shaping human perception, values, and behaviour, and extends this concern to translation as a form of mediated intercultural communication. The aim of the study is to examine